

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәліұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нұрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Екі әдіскер-ғалым да талдау әдісінің, Байтұрсыновша жалқылау әдісінің дұрыс еместігін жазған. Ахаң бұл әдістің кемшілігі сөзді жаттау, ол сөздің неге олай оқылатынын түсінбеу десе, Қошке тіл құрамына үстірт қарағандықтан, жат тілді терең тексерте алмайды және жат тіл мен ана тілді салыстыра алмайды деп атап кетеді.

Қорыта келе, XX ғасыр басында қазақ даласында халықты сауаттандыру ісі дамыған кезеңде қазақ зиялылары қазақ тілінде көптеген оқулықтар жазып, ұлттық ғылым тілін қалыптастырып, сөздіктер құрастырып, аудармамен айналысып, халықты оқытуға көп күш салғанын көреміз. Осылайша қазақ халқын алдыңғы қатарлы ғылым-білімі, мәдениеті дамыған елдердің қатарына қосуды мақсат тұтты. XX ғасыр басындағы қазақ тілін оқыту ісі бүгінгі күнгі қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалады. Алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, Т. Шонанұлы, Қ. Кемеңгерұлының еңбектерін бір ғана оқылым әрекетін дамыту мәселесі тұрғысынан қарастырғанның өзінде осы бағыттағы кешенді зертту, жүйелі тұжырымдарды көреміз. Аталған ғалымдардың оқылым әрекетін дамыту ісі әрқашан жазылым әрекетін қалыптастырумен қатар жүруі керектігі жайлы дәлелді пікірлері, оқылым әрекетінің түрлерін жіктеулері, оқылымға ұсынылатын мәтіндерге қойылатын талаптар мен оқылым дағдысын қалыптастыру әдістері жайлы пікірлері бүгінгі тіл үйрету, ана тілін оқыту әдістемесінде де аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
2. 472-бет Т. Шонанов Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». - 1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
3. Кемеңгерұлы Қ. Жат тіл оқыту әдісі. Жинақта: Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 317 б.
4. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. 31-37-б. Жинақта: «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 368-372-б.
5. Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.-№1. 11-36-б. Аймауыт ұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
6. Әбдікәрімова Т.М. А.Байтұрсынұлының «Әліб-бій» оқулығының әдістемелік сипаты // «А.Байтұрсынұлы оқулары – III. «А.Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2010. - 215 б.
7. Шонанұлы Т. Тіл тамыршысы. Жинақта: Шығармалар. Мақалалар. Зерттеулер. - Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 367 б.
8. Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырыңқы) әдіс. Жинақта: Бес томдық шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы: «Алаш», 2005. - 352 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

*КУРМАНОВА А.К.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается методологическое наследие Ахмета Байтурсынова. В ходе анализа излагается актуальность, связь идей ученого с современной системой образования. Доказано, что нововведения в современной системе образования берут свое начало с идеи Ахмета Байтурсынова. Кроме того, анализируются взгляды интеллигенции, высказанные о месте А. Байтурсынова в духовности нации.

Abstract. The article examines the methodological legacy of Akhmet Baitursynov. In the course of the analysis, the relevance and connection of the scientist's ideas with the modern education system are

outlined. It is proved that innovations in the modern education system originate from the idea of Akhmet Baitursynov. In addition, the views of the intelligentsia expressed about the place of A. Baitursynov in the spirituality of the nation are analyzed.

XX ғасырдың басында қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оқыту әдістемесінің ғылым арналарын жүйелеп, жіктеген А.Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірлерінің, оқулықтары мен оқу құралдарының маңызы бүгінгі білім беру жүйесінде өте зор екені анық. Оның сыры ұлттық дәстүрлерді әлемдік өркениет үрдістерімен үйлестіріп, оларды асқан білгірлікпен ұштастыра білуінде.

Ғалымның әдістемеге қатысты еңбектері және қарастырылған мәселелерді былай топтастыруға болады:

1. Оқулықпен қатар жазылған, оқытудың әдістемесін көрсететін еңбектер.
2. Қазақша әліпбидің, дыбыстың негізінде сауат ашу әдісін іске асыратын еңбектер.
3. Ана тілін оқытудың әдістерін баяндайтын еңбектер.
4. Тіл ұстартуды көрнекілік әдіс арқылы дамытуды көздейтін еңбектер.
5. Қазақша сауатты сөйлеудің, оқудың, жазудың әдістерін қарастыратын еңбектер.
6. Әдістің түрлерін жіктеп көрсететін еңбектер.

Мәселен, **«Оқу құралы»** а,р,з таңбаларын танытудан басталады [1,34]. Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтемеде хат таныту жолы көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады. Және бір көңіл аударатын жайт – ғалым балаларға лайық тілмен жазылған, тәрбиелік мәні бар жұмбақ-жауаптарды, мақал-мәтелдерді, шағын өлең мәтіндерін береді. Себебі ғалым балалардың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытуға ерекше мән берген. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Ол жаңа кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндетін жүзеге асыруды қажет етеді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсыновтың бұл еңбегінде қазіргі әдістемеді білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсыновтың **«Оқу құралында»** кездеседі. Мысалы:

- Оқылым әрекеті – буындап оқу, тұтас оқу арқылы;
- Жазылым әрекеті – сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы;
- Айтылым әрекеті – сұрақтарға жауап беру арқылы;
- Тыңдалым әрекеті – жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

«Әліп би» жаңа құралы осы күндегідей суреттермен жабдықталған [2,38]. Онда «төте оқу», яғни дыбыс негізі әдісі туралы мағлұмат берілген. Сонымен қатар, сөзді «тұтас оқу» әдісі туралы айтылған. Ғалым осы ретте ұстаздар алдына нақты сауал қояды: бұрынғы **«Оқу құралы»** мен **«Жаңа құрал»** екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Бұның өзі ғылыми іс осылай нақты тәжірибе арқылы сыннан өтуі керек дегенді білдіреді әрі бүгінгі оқулықтарға аса қажет. Оқулықтағы көркем мәтіндер қысқа, бірақ маңызды. Әр мәтін соңында тапсырмалар беріледі. **«Сауалдар»**, **«Жұмбақтар»**, **«Ойнаңдар! Ойландар!»** атты арнайы айдармен берілген шағын мәтіндер ата-баба этикалық тәрбиесіне байланысты топтастырылған.

«Сауат ашқыш» сауатсыз үлкендер үшін 1-кітабы дыбыс жолымен тәртіптелген [2,94]. Төте жазу ережесінен кейін топтастырылған мәтіндер ересектерге арналғаны бірден аңғарылады. Бұнда түрлі тақырыптағы өлеңдер, көлемді әңгімелер, мысалдар қамтылған.

Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» принципін ұстаған. Сондықтан мысалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген. Мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел,

нақыл сөздер, мысалдардан алған. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардын арман-тілегін, талап-талпынысын, т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берген.

Ғалым балаларға тіл үйретуде көп үйретем деп асығып шала-шарпы үйреткеннен гөрі аз да болса нық үйреткенді жөн санайды. Оның бұл ойы бүгінгі күнгі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес келеді десек қателеспейміз.

«**Тіл – құрал**» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс[3,23]. Ол қазақ тілін ана тілімізде танудың басы. «Тіл – құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық 15 құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді.

«**Тіл жұмсар**» екі бөлімді кітап, онда қолданбалы грамматика қарастырылған [4,293]. «Тіл жұмсардың» 35 беттік I-бөлімі «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын кітап» деп ұсынылған.

I-бөлімде «әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білуін тәжірибе арқылы (яғни мәтіндермен, сұрау-жауаптармен, т.б.) жұмыс істетіп, үйрету көзделген.

Ал II-бөлімде «I бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау ретінде емес, ондағы білімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейту мақсат етілген. Кітапта оқушыларға мәтіндер ұсынылған, оларды көшіру, сұрақтарға жауап жазу, сөз туғызу сияқты тапсырмалар берілген. Сондықтан да функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жайы Ахмет Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты деп айта аламыз. Себебі А.Байтұрсынов 1926 жылдың 6 наурызында өткен түрікшілдердің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Тіл білімі ереже жаттату түрінде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын таныту түрінде үйретілу керек. Сөздің тұлға мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» - дейді [1,406]. Осы тұрғыдан келгенде, ғалымның әрбір тілдік тақырыпты танымдық тұрғыдан оқытылуына мән бергендігі айқын көрінеді. Бұдан ғалымның «функционалдық сауаттылық» бағытында жұмыс жасағанын аңғаруымызға болады.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту методикасы мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада материалдар жариялады. Соның бірі – «**Баяншы**» жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін кітап [3,279]. Бұл методикалық құрал тұңғыш әліппемен (Оқу құралымен) қатар дүниеге келген. Бұл көлемі жағынан өте шағын (небары 15 беттік кітапша), бірақ нағыз методикалық құрал.

Сонымен қатар ғалым «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс», «Ана тілінің әдісі» деген методика мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялады.

«**Қай әдіс жақсы?**» мақаласында ғалым білім беру әдісінің мәні мен маңызына ерекше тоқталған. Орнымен қолдана білген әдістердің қай-қайсысы болса да тиімді екенін айта келіп, дыбысты әдіспен үйрету жолын және тұтас сөзді әдіспен үйрету тәсілдерін қарапайым мысалдармен талдайды. Екі әдісті ши-аяқ тебу мысалымен түсіндіріп, қазақ тілін оқыту үшін дыбысты әдістің әлдеқайда тиімдірек екенін айтады. Мақаласының басында әр тілдегі сөздердің таңбалану және оқылу ерекшеліктерін талдап, бір тілге қолайлы болған тәсілдің екінші тілге тіпті тиімсіз болуы мүмкіндігін ескертеді. Бастысы сол тілге ыңғайлы әдісті табу дейді. Сол секілді мектеп мұғалімдері де тіл үйрету барысында қандай да бір әдісті қажетті жерінде қолдана білсе, Толстойша бұл мұғалімнің шеберлігін танытады. Осы орайда, тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор. Мемлекеттік тілді білуге мүдделі Қазақстан азаматтары мен шетелдіктерге тіл үйретуде сапалы қызмет көрсетумен байланысты қазақ тілін оқыту

бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы қызметтің кепілі – тіл үйретудің ұтымды әдістерін іздеп табу, қажет болған жағдайда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын тың әдіс түрін жасап қолдану және оны өзгелерге үйрете отырып, білікті әдіскерлерді даярлау. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсы- жаманын қалай ажыратуда Ахмет Байтұрсынұлының «...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген тұжырымын басшылыққа алған абзал.

«Жалқылау (айырыңқы) әдіс» мақаласында «Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілеу болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату», - деп бұл әдіске анықтама беріп, кемшін тұстарын да айтып кеткен. Себебі бұл әдіс бойынша балалар әріпті үйренбей тұрып тұтас сөзді оқуды үйренеді. Алайда, бұл әдістің кемшілігі – сөзді жаттау. Яғни бала әріпті танымай сөзді бірден оқитын болғандықтан, бала оқыған сөздерінің неге олай оқылатынын түсінбей жаттайды.

«Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс» мақаласында бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы – жалпылау әдісі болып бірігетінін айтқан. Бұл әдістің өзі қолдану жүзіндегі баспалдақтарына қарай *шағын сөзді, жазу-оқу, дыбысты әдіс* деп бірнеше түрге бөлінетін айта отырып, түсінік берген.

«Ана тілінің әдісі» мақаласында ана тілін үйрету әдістерін төмендегіше жіктеген:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады [4, 48]

Бұдан байқайтынымыз, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды екенін көрсеткен. Бұл категориялар қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда, сабақ әзірлемелерін жасауда басшылыққа алынғаны жөн деп санаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы жаттығулардың орындалу ерекшеліктеріне байланысты ауызша және жазбаша түрлеріне ерекше мән берген. Ғалым тілдік жаттығуларды «дағдыландыру», «сынау» түрлерінде екіге жіктеген. Жаттығу жұмысының «дағдыландыру» түрінде ауызша орындалатын жаттығулар берілсе, «сынау» түріндегі жаттығу жұмыстары жазбаша түрде орындатуға негізделген. «Тіл – құралдың» барлық оқулығында теориялық материалдарға жеткілікті дәрежеде ұсынылған дағдыландыру, сынау жұмыстарында қазіргі тілді меңгерту әдістемесіндегі жаттығу түрлерінің (машықтандыру, шығармашылық, сұрақ-жауап, тексеру, көшіру т.б.) элементтері кеңінен қолданылады. «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбегінде ғалымның жазу дағдыларын жетілдіруге, сауаттылықты арттыруға байланысты жаттығу жұмыстарын түрлендіріп, мазмұнды жүйесін ұсынған. Көшіріп жазу, жатқа жазу (өзі жаттаған мәтінін жазу), тапсырма бойынша жазу жаттығуларының түрлерін ұсынып, «нұсқа» деген нұсқаумен жаттығуды орындау үлгісі көрсетіліп отырады.

А.Байтұрсынұлының жаттығу жұмыстарының шартында берілген «сөйлеу» терминін «мәтін» орнында өте орынды қолданған. Сынау, дағдыландыру жұмыстарында алынған мәтіндер мазмұнды. Жаттығу жұмыстарында мәтін сұрыптауда мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер үлгілерін жас ерекшеліктеріне қарай тиімді ұсынып, білім алушылардың коммуникативтік- танымдық құзіреттіліктерін жетілдіру бағытын ұстанған. Ғалым жаттығу жұмыстарында лингвистикалық құзіреттілікті меңгертумен бірге лингвомәдениеттанымдық және қатысымдық құзіреттіліктерді қалыптастыруға ерекше мән берген.

Шетелдік тіл үйренушілердің қазақша сөз мәдениетін қалыптастыруда тілді меңгеру мәселелеріне байланысты А.Байтұрсынұлының ұсынған әдістер жүйесі мен қағидалары инновациялық технологияға негізделген интерактивті әдістермен сабақтас:

- тіл үйренушілерге қазақ тілінен меңгерілетін білім жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге негізделіп, дидактикалық ұстанымдарға сәйкес оқытылады;

- тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгертуде әліпбиден бастау міндетті;
- тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруде сөз, тұрақты тіркес, сөйлем жүйесін меңгерту жұмыстарын жүргізу;
- тілді меңгертуде мұғалім әдістің бір түрін ғана пайдаланып қоймай, бірнеше интерактивті әдісті сабақтастыра білуі қажет:
- тіл үйренушілерге лексикалық минимумда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, фразеологизмдер, өлең-жыр, ертегілерді меңгерту арқылы лингвомәдениеттанымдық құзіреттілігін дамыту.

Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Жолшаева «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі формативті бағалау ұстанымдарының көрінісі» атты мақаласында А.Байтұрсыновтың әдістемеге қатысты «Тіл жұмсар» еңбегінде баланы оқытудың немесе үйретудің табиғи жолы тәжірибе арқылы білім алатын жол екендігіне баса назар аударғандығына тоқталған. А.Байтұрсыновтың: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны – өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін керек білімін кешікпей керек кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп жүру» [4,496] деген әдістемелік тұжырымын негізге ала отырып, «Мұғалімнің міндеті оқушыға білім беру ғана емес, жоғарыда А.Байтұрсынов атап көрсеткендей, ең бастысы оқушыны мақсатына қарай бағдарлау, оқушының оқу деңгейінің шамасын анықтау, мақсатқа жету жолында оның атқаратын іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. Яғни ғалымның сөзімен айтқанда, «балаға жұмысты шағындап беру, тәжірибе арқылы білімді игерту». Бұл бүгінгі білім беру жүйесіндегі формативті бағалаудың мақсаттарымен қабысады» – деген ғалым М.Жолшаеваның пікірі зерттеліп отырған мәселеге қатысты ғылыми тұжырым екені анық [5,198]

Қазақтың үлкен тілтанушы ғалымы Н.Оралбаева А.Байтұрсынұлын қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым ретінде бағалап: «А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолданылу орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу, келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер етеді»- деп пікір білдірген. [6, 568]. Шындығында, А.Байтұрсынов оқулықтары, әдістемелік құралдары сол кезеңдегі оқыту үшін ғана емес, күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлы: Оқу біткеннің бәрінен алатын білім – өлі білім. Үйткені оның бәрі де нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқу мектептерінен шыққандарда мәніс білім мол болғанмен, әдіс білім аз болады. Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім.

Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек.

Тіршіліктің ең оңай ісі – қазық істеу немесе қарындаш ұштау. Бірі шотпен, екіншісі пышақпен істеледі. Шотты қалай ұстап, қалай жону мәнісін түсіндіріп, әбден білдіргенмен, шот шауып, пышақпен жонып әдісін алмаған адам қазықты да дұрыстап істей алмайды, қарындашты да дұрыстап ұштай алмайды. Тіршілік ісінің оған керек білімінің мысалдары осы», - дейді. Бұның өзі тілші-ғалымның педагогикалық ой-тұжырымдарының түпкі нәтижесі білім алушының қатысымдық, танымдық, проблемалардың шешімін табу, ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталуы керектігін сол кезде-ақ байқағанын көрсетеді. Ал бұл қазіргі кезде білім беру жүйесінің – басты мақсаттарының бірі.

А.Байтұрсынұлының айтқан ойлары, ол бастаған ғылыми дәстүр қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесі ғылымында бір сәткеде үзілген емес, өз үйлесімді сабақтастығын тауып, кейінгі қазақ лингвист, әдебиетші ғалымдардың еңбектерімен өз жалғасын тауып отыр.

Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан аттағалы бері Ахмет Байтұрсынұлының бірінші, білім – ана тілінде берілуі, екіншіден, халықтың сауатты болуы керектігі болуы туралы әлі де көкейкестілігімен құнды екенін уақыт көрсетіп отыр.

Ұлт ұстазының еңбектерінің мәні жалпы орта білім беретін дәрежеге қол жеткен қазіргі кезеңде де бұрынғыдан да тереңдей бермек. Себебі, қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы екендігіне ешбір талас жоқ. Бұл біздің ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш, қазақ ғылымы үшін үлкен жетістік.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 б.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: –384 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) 3-т. – Алматы:Ел - шежіре, 2013. – 384 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
5. Жолшаева М. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі формативті бағалау ұстанымдарының көрінісі.// Қазақ білім академиясының баяндамалары. -№3, – Астана, 2017
6. Оралбаева Н. А.Байтұрсынұлы – тұңғыш әдістемеші ғалым. Ұлттық рухтың –ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы: Ғылым, 1999. –568 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛТ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛЫ ІСТЕРІ

МЫРЗАХАНОВ А.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

докторант,

Астана, Қазақстан

Аннотация. В статье автор дает обзор великих дел Ахмета Байтурсынова, крупного деятеля, обладателя большого таланта, выдающегося человека в истории, беззаветно преданного служению социальной жизни и культуре казахского народа.

Abstract. In the article, the author gives an overview of the great deeds of Akhmet Baitursynov, a major figure, the owner of great talent, an outstanding person in history, selflessly devoted to serving the social life and culture of the Kazakh people.

Ресейдегі алғашқы буржуазиялық-демократиялық революция Қазақстанның жұмысшы халқының саяси санасының оянуына, аймақта ұлт-азаттық, аграрлық және басқа да қысымшылық түрлеріне қарсы қозғалыс формаларын дамытуға серпін берді. Ресейде халықтың түрлі топтарының 1905-1907 жылдардағы оқиғаларға қатынасы әртүрлі болды. Өңірдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуының төмен деңгейіне байланысты революция жылдарында сапалы жаңа деңгейге көтерілген еңбек қозғалысы басқаларға қарағанда біршама кең дамыды. Оған өнеркәсіптік және қалалық жұмысшылар белсенді қатысты.

Ахмет Байтұрсынұлы - бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрлен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да Ахмет! Жиырмамыншы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «қазақтың Ахаңы» деп дәріптеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің Коммунистік